

**6.11.2019 күні Нұр-Сұлтан қаласы 67гимназияда Қазақстан Республикасының
сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл(Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
қызмет)Агентігі.Анықтама**

Жалпы Республикалық бірінғай іс-шара «Адалдық сағаты» өтілді.Баяндамашы Ашиков Асылхан:жастарды жалпы күрделі мәселелерді шешуге, оның ішінде сыбайлас жемқорлықты жеңуге, жемқорлыққа қарсы күресу әрбір адамның міндетіне, керек десеңіз парызына айналуы тиіс екендігі айтып өт. Сонымен бірге жемқорлық мемлекеттің орнықты дамуына, ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіретінін,жемқорлықпен күрес ымырасыз жүруі тиіс және бұл тек Үкіметтің ғана емес, әрбір адамның міндетіне, керек десеңіз парызына айналуы тиіс деә отырып, білім беру жүйесінде сыбайлас жемқорлықты жою, бойына сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру жүйесі арқылы мәдениетті қалыптастыру және оған сыбайлас жемқорлықтан бас тарту ортасын қалыптастыру қажеттілігіне тоқталды.**Іс-шараның мақсаты:** 2050 жылы 30 дамыған елдердің қатарына қосылған, экономикасы дамыған мемлекеттің бәсекеге қабілеті, парасатты мықты, саналы тұлғасын қалыптастыру екенін түсіндірді.



Жасөспірімдер мен, оқушылар арасында жемқорлыққа қарсы күрес және жат іс-әрекеттердің алдын алу жұмыстарын сынып жетекшілер мен ата-аналар, психолог, тәрбие орынбасарлары бір-бірімен тығыз байланыс жасай отырып жүргізу тиімді әдіс екенін, сондай аққалалық ПД-нің сыбайлас жемқорлыққа қарсы бөлімінің қызметкері сыбайлас жемқорлық көріністерімен кездесу өткізіп, азаматтардың әрекет ету тәртібін түсіндіретін, сондай-ақ мұндай фактілерге жәрдемдесу үшін жауапкершілік туралы жаднамаларды оқушыларға таныстыру, әрекет ететін жолдарын түсіндіру жұмыстары жыл бойы тәрбие сағаттарында сынып жетекшілері мен мектеп инспекторының қатысуымен ұйымдастыру қажет екенін түсіндіріп

өтті. Сонымен бірге жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптарды, тұрақты айдарлар мен жарияланымдарды, брошюралар, буклеттер мен жаднамаларды тұрақты талдау жұмыстары мен оқушылардың ой – пікірлерін білу мақсатында дөңгелек үстелдер және пікірталас алаңдары ұйымдастырылу қажеттілігі айтылып, оқушыларды сыбайлас жемқорлықты жою мақсатында бірлесе жұмыс жасауға шақырды.



Гимназия директоры:

Г.А.Абдраманова

25.11.19 ж күні №67 гимназияда 5-6 сынып оқушыларымен «Бала құқығы конвенциясы» тақырыбында Нұр-Сұлтан қаласы полиция қызметкерлерімен өткен кездесу анықтамасы

25.11.19 күні Нұр-Сұлтан қаласы полиция басқармасы қызметкері майор Гүлмира мен бірлікте 5-6 сынып оқушыларын «Бала құқығы конвенциясы» тақырыбына қатысты заңмен таныстырды. Оқушыларға 1924 жылғы Бала құқықтарының Женева декларациясында және 1959 жылғы 20 қарашадағы Бас Ассамблея қабылдаған Бала құқықтары декларациясында қамтылғанын және оның Жалпыға бірдей адам құқықтарының декларациясында, Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактте (атап айтқанда, 23 және 24-баптарда), Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактте (атап айтқанда, 10-бапта), сондай-ақ балалардың игілігі мәселесімен айналысушы мамандандырылған мекемелер мен халықаралық ұйымдар мен балаларды қорғауға және олардың игілігіне қатысты ақпараттар беріліп, оқушыларға дәріс оқылды. Сонымен қатар, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында әлімжеттік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тақырыптарды, тұрақты айдарлар мен жарияланымдарды, брошюралар мен жаднамаларды талдау жұмыстары жүргізілілді. Оқушылардың ой – пікірлерін білу мақсатында оқушы өміріне, мектеп өміріне қатысты сұрақ-жауаптармен әңгіме-сұхбаттар болды. Қандайда бір қылмысқа байланысты бір күдікті істерді байқаған жағдайда сенім телефон арқылы хабарлап іс-әрекеттің алдын алуға болатыны туралы айтып өтті.



Гимназия директоры:

Г.А.Абдраманова


**2019-2020 оқу жылының I жартыжылдығында жүргізілген
«Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының жұмысы**

I. 2019-2020 оқу жылында гимназияда «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының мүшелері құрылған.

1. Балғабек Ердәулет - клуб жетекшісі
2. Кеңшілік Рауан- клуб жетекшісі орынбасары
3. Кәріғожа Қайсар-мүшесі
4. Өміртай Диас-мүшесі
5. Көріпбай Нұрбол-мүшесі
6. Сайлаубаев Айнабек-мүшесі
7. Хамит Абай-мүшесі
8. Еркінбай Рамазан-мүшесі
9. Шоқанұлы Хантемір-мүшесі
10. Жеңіс Кәрім-мүшесі
11. Жұмахан Саят-мүшесі
12. Оралбай Нұржан-мүшесі
13. Ақылбек Жасұлан
14. Беймұханбетов Рахат-мүшесі
15. Пернебек Диас-мүшесі

Гимназияда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының жұмыс жоспары бойынша оқушылар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу және іс-шаралар ұйымдастыру денешынықтыру пәні мұғалімі Балғабек Ердәулет жетекшілік етеді.

Гимназия қабырғасында оқушыларға арналған ақпараттық «Парасатты азамат» бұрышы жасалған. Бұрыштардың басты мақсаты азаматтылыққа, отансүйгіштікке, адамның құқықтарына, бостандықтарына және міндеттеріне құрметті, адамгершілік сезімдер мен этикалық сананы, сыбайлас жемқорлыққа төзбеу мәдениетін, еңбексүйгіштікке, оқуға, еңбекке, өмірге жасампаздықпен қарауға тәрбиелеу. Патриотизм, отан үшін мақтаныш, қоғамдық тәртіпке құрмет, еңбексүйгіштік, жауапкершілік, тәртіп, құқықтық негіздерді білу және құрметтеу сияқты жеке тұлғаның қасиеттерін дәріптеу.



Сыбайлас жемқорлыққа қарсы алдын алу жұмыстарының бірі гимназия оқушылары, ата-аналары үшін арнайы «Сенім» жәшігі орналастырылған. жәшікке өзінің ашық ойы мен пікірін, ұсыныстарын білдіру мақсатында.

Гимназия оқушыларына құқықтық сауаттылық пен жемқорлыққа қарсы күрес дәрісін ұйымдастыруда арнайы «Медиация» оқу орталығы құрылып, Нұр-Сұлтан қаласы «Заңгерлік және медиация орталығынан» маманы Еспаев Бақытбектің жетекшілігімен ерікті топ оқушыларына құқықтық оқу сауаттылығы бойынша кездесу, дөңгелек үстелдер ұйымдастырылып отырады.

2.09.2019 күні Нұр-Сұлтан қаласының 67 гимназиясында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және алдын алу» тақырыбына СЖҚКА-нің маманы Ашиков Асылхан Амангелдиевич оқушылармен кездесу өткізді. Жалпыр республикалық бірінғай «Адалдық бағыты» жөнінде оқушылармен сұхбат барысында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңы аясында түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, «Адалдық» тақырыбында әңгіме өрбітті және де оқушыларға жемқорлық пен сыбайластық жөнінде жан-жақты тәрбиелік ой толғаулар айтылды.



Мектеп оқушылары арасында «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы мүшелерімен бірлікте жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізу сынып жетекшілер мен мектеп инспекторы А. Қайырбекова оқушыларға арналған дәрістер өткізіліп отырады.



Педагог-психологтары З. Амиргалиева, Н. Ергешбай және сынып жетекшілері оқушыларға сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының жұмысын насихаттай отырып, сынып сағаттарына қатысып тәрбие жұмыстарын жүргізеді

Қыркүйек айында өткізілген ата-аналар жиналысында гимназиямыздың мәдени залында Сарыарқа аудандық ПД басқармасы өкілдерінің қатысуымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске арналған іс-шаралар және сыбайлас жемқорлық туралы заңмен таныстыру жиналысы өткізілді. Жасөспірімдер мен оқушылар арасында жемқорлыққа қарсы күрес және жат іс-әрекеттердің алдын алу жұмыстарын сынып жетекшілер оқушылар арасында кең ауқымда жан-жақты түсіндіріп отырады



2019 жылдың қазан айында күні жазушы, журналист, "Егемен Қазақстан" газетінің тілшісі, Қазақстан жазушылар одағының, "Мәдениет" қайраткері құрмет белгісінің, "Ақпарат саласының үздігі" төсбелгісінің иегері Жақсыбай Самрат мырзамен "Қаламгер - руханият шырақшысы" атты кездесу өткізілді. Кездесу барысында Жақсыбай мырзаның кітаптарына қызыққан оқырман оқушыларымыз өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, тәрбиелік мәні бар ақпараттар мен жауап алды. Жәнеде кездесу соңында Жақсыбай мырза өзінің еңбектерінен гимназия кітапханасына және кеш жүргізушісі Мекембаева Аружанға "Бұралаң заман" кітабын табыстады.



07.11.2019 күні Нұр-Сұлтан қаласының «Заңгерлік және медиация орталығынан» Карымсаков Муктар Төленович біздің 5,6,7,8 сынып оқушыларымен кездесу өткізді. Соңғы жылдары біздің қоғамда медиация ұғымы азаматтық құқықтық қарым-қатынас кеңістігінде көп қолданып, тілдік қорымызда жиі пайдалана бастағандығын айта келіп, медиацияның мақсаты бейтарап, әділ, жанжал нәтижесіне мүделі емес тараптың қатысуымен өтетін дауларды реттеу екендігіне тоқталады.



25.11.19 күні Нұр-Сұлтан қаласы полиция басқармасы қызметкері майор Гүлмира мен бірлікте 5-6 сынып оқушыларын «Бала құқығы конвенциясы» тақырыбына қатысты заңмен таныстырды.



ТЖО Булгиев Б. Т.

БЕКІТЕМІН

№67 гимназия директоры

Г.Абдраманова

Рухани-адамгершілік және азаматтық-патриоттық тәрбиелеу контекстінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы «Адал ұрпақ» жобасы

1.Жалпы ережелер.

Осы Рухани-адамгершілік және азаматтық-патриоттық тәрбиелеу контекстінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасында қалыптастыру бағдарламасы (*бұдан әрі- Бағдарлама*) Тұжырымдамалық тәрбиелеу негіздеріне сәйкес дайындалған және бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру бағдарламалары бойынша оқитын балаларға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы сипаттағы тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастыруды қамтитын тәрбие жұмысын жүргізу тәртібін белгілейді.

2. Тәрбие жұмысының мақсаты мен міндеттері.

2. Осы Бағдарламаның мақсаты мектепте аса өнегелі, жауапты бастамашыл және әлеуметтік құзырлы азаматты және патриотты қалыптастыру үшін жағдай жасау.

3. Көрсетілген мақсатты іске асыру үшін келесі міндеттер қойылады:

3.1.рухани-адамгершілік және азаматтық-патриоттық тәрбиелеуге бағытталған шараларды іске асыру;

3.2.оқушылардың мемлекеттік билік институттарына сенімін арттыру;

3.3.оқушылардың саяси-құқықтық білімін қалыптастыру;

3.4.оқушылардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқының адамгершілік-этикалық құндылық негіздерін қалыптастыру.

4. Кешенді іс-шаралар өткізу үшін келесі тәрбиелеу түрлері қолданылады:

4.1.адамгершілік тәрбиелеу моральдық-этикалық қағидаларын қалыптастыруға, әр оқушының сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілікті қалыптастыруға бағытталған;

4.2.әлеуметтік-құқықтық тәрбиелеу азамат және мемлекет арасындағы қарым-қатынастардың мәні туралы түсінік алуға, құқықтар мен міндеттер туралы білім алуға, құқықтық нормаларды сақтауға қажеттілігіне көз жеткізуге, сыбайлас-жемқорлық қоғамдық қауіпін түсінуге бағытталған;

4.3.эстетикалық тәрбиелеу оқушылардың эстетикалық талғамын және қоршаған ақиқатқа мейірімді және патриоттық көзқарасын тәрбиелеуге жәрдемдесетін оқушылардың өнер, әдебиет туындыларының көркемділігін түсінуін дамытуға бағытталған.

Тәрбие жұмысын ұйымдастыру.

5. Тәрбие жұмысын ұйымдастыру жалпы білім беретін бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру бағдарламаларын іске асыратын оқу ұйымдарында (*бұдан әрі-жалпы білім беретін мектептер*) жүзеге асырады.

6. Тәрбие жұмысына басшылық жасау жалпы білім беретін мектептің басшылығы мен сыныпқа жетекшілік ететін педагогикалық қызметкерлерге жүктеледі.

7. Жалпы білім беретін мектептерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға, яғни сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайтуға, оның ішінде мектеп оқушыларының

заң талаптарын сақтауға ынтасын қалыптастыруға, білім және мәдени деңгейін арттыруға бағытталған іс-шаралар кешені өткізіледі.

8. Жалпы білім беретін мектептерде тәрбие жұмысын ұйымдастыруға жәрдемдесетін және қатысатын «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубтары құрылады.

9. Тәрбие жұмысының ұйымдастырушылық негізі:

9.1. жалпы білім беретін мектептің тәрбие жұмысының тиісті оқу жылына арналған кешенді жоспары;

9.2. сыныпқа жетекшілік ететін педагогикалық қызметкердің тәрбие жұмысы жоспары;

9.3. «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының жұмыс жоспары болып табылады.

10. Осы бағдарламаның 9-тармағында көрсетілген жоспарлар мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша модельдік тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес қалыптастырылады.

11. Жоспарларда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған тәрбие жұмысының, күнтізбелік іс-шаралар өткізудің, қоғамдық ұйымдармен, сыбайлас жемқорлыққа қарсы уәкілетті орган және өзге де мемлекеттік органдармен өзара әрекеттестіктің негізгі бағыттары көрсетілген.

12. Тәрбие жұмысын жүргізуде азаматтар, қамқоршылық кеңестер, ата-аналар комитеттері, қоғамдық бірлестіктер, сыбайлас жемқорлыққа қарсы уәкілетті орган және өзге де мемлекеттік органдар қатыса алады.

«Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубтары.

13. «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубтарының негізгі міндеттері мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты нығайту бойынша бастамаларды көтермелеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сипаттағы іс-шараларды ұйымдастыру болып табылады.

14. «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубтары келесі секциялардан тұрады: сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім; сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпарат және шығармашылық; мәдени-көпшілік іс-шаралар.

15. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім секциясы дәрістерді, «дөңгелек үстелдерді» және басқа да ағартушылық іс-шараларды ұйымдастыруға қатысады.

16. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпарат және шығармашылық секциясы үздік бейнероликтер, суреттер, шығармалар байқаулары мен іс-шараларын ұйымдастыруға қатысады.

17. Мәдени-бұқаралық іс-шаралар секциясы акциялар, флэш-мобтарды, диалог алаңдар, қоғамдық, ардагерлер ұйымдарының, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өкілдерімен кездесулер және басқа да әлеуметтік маңызды іс-шараларды ұйымдастыруға қатысады.

Топ жетекшісі Батырхан Ерназ

№67 гимназия оқушыларына сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша «Адал Ұрпақ» ерікті ұйымының жұмыс жоспары

№	Іс-шараның атауы	Ұсынымдар	Мақсатты топ	Орындалу мерзімі	Жауаптылар
1	2	3	4	5	6
Ұйымдастыру-дайындық іс-шаралары					
1	«Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының қызметін ұйымдастыру	«Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубтарын бойынша оқитын балалар қалыптастырады	5-11 сынып оқушылары	Қыркүйек	Б.Булгиев
2	Қалалық ПД қызметкерлерімен кездесу	Адамның құқықтарына, сыбайлас жемқорлыққа төзбеу мәдениетіне тәрбиелеу	1-11 сынып оқушылары	Қыркүйек,	А.Қайырбекова Б.Булгиев
3	Үнемі жаңартылып тұратын «Парасатты азамат» бұрышын жасау	Сыбайлас жемқорлыққа төзбеу мәдениетін, еңбексүйгіштікке, оқуға, еңбекке, өмірге жасампаздықпен қарауға тәрбиелеу	1-11 сынып оқушылары	Үнемі	Б.Булгиев Е.Балғабек А.Дүйсен
4	Тәртібі қиын оқушыларды үйірме-факультативтерге тарту	Ар-ұят, абырой, жауапкершілік, адалдық, әділеттілік сияқты адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға ерекше көңіл бөлу.	1-11 сынып оқушылары	Қыркүйек Қазан	Сынып жетекшілер
5	Діни экстремизмге қарсы күрес мамандарымен кездесу	Адамның құқықтарына, адамгершілік сезімдер мен этикалық сананы, сыбайлас жемқорлыққа төзбеу мәдениетіне тәрбиелеу	1-11 сынып оқушылары	Қазан	Б.Булгиев Е.Балғабек А.Дүйсен


6	Себепсіз сабақ тастаған оқушылар мониторингін шығару	Азаматтық құндылықтарын кеңінен насихаттаудың өзектілігін түсіндіру	1-11 сынып оқушылары	Тоқсан сайын	Е.Балғабек А.Дүйсен
7	«Адалдық алаңы» оқушы ережесіне сай сыныпаралық сайыс	Оқушылар арасында адалдық нышанын байқау, сыбайлас жемқорлық-қоғамның және қызметшіге артқан сенімін негіздеу	1-11 сынып ата-аналары	Тоқсан сайын	Сынып жетекшілер
8	«Мемлекеттік қызмет-өмірлік ұстаным» ардагерлермен кездесу	Мемлекеттік қызметшілермен кездесу, мемлекеттік қызметшіге артқан сенім пікірін негіздеу	9-11 сынып оқушылары	Ақпан	Е.Балғабек А.Дүйсен
9	«Заң алдындағы жауапкершілік» дөңгелек үстел (сыныпаралық тәртібі на-шар балалармен әңгіме)	Жалпы азаматтық құндылықтарын кеңінен насихаттаудың өзектілігін түсіндіру. Баршаның заң алдындағы теңдігі насихаттау	5-11 сынып оқушылары	Наурыз	Е.Балғабек А.Дүйсен
10	«Қарттарым аман сауымысың» соғыс және еңбек ардагерлеріне көмек көрсету	Рұхани адамгершілікті дәріптеу, жауапкершілік, адалдық, әділеттілік сияқты адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға ерекше көңіл бөлу	8-10 сынып оқушылары	Мамыр	«Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубы
11	«Мемлекеттік қызмет-елдің мүддесіне адал еңбек» шығарма байқауы	Мемлекеттік қызметті елдің мақсаттары мен даму басымдығын іске асыруға, әрбір азаматқа адал қызмет ету	9-11 сынып оқушылары	Мамыр	М.Нарбаева Е.Балғабек А.Дүйсен

Директордың ТІЖО: Б.Булгиев

Нұр-Сұлтан қаласы 67гимназияда өткізілген «Заңгерлік және медиация орталығы»

Анықтама

07.11.2019күні 67гимназияда Нұр-Сұлтан қаласының «Заңгерлік және медиация орталығынан»Карымсаков Муктар Төленович біздің 5,6,7,8 сынып оқушыларымен кездесу өткізді.Соңғы жылдары біздің қоғамда медиация ұғымы азаматтық құқықтық қарым-қатынас кеңістігінде көп қолданып, тілдік қорымызда жиі пайдалана бастағандығын айта келіп, медиацияның мақсаты бейтарап, әділ, жанжал нәтижесіне мүделі емес тараптың қатысуымен өтетін дауларды реттеу екендігіне тоқталады. Қазақы түсінікке сәйкестіндірсек екі жаққа да ортақ, дау-дамайда айтысушыларды мәмілеге келтіру арқылы тең шешім қабылдаудың ара ағайындығы. –Көп жағдайларда жасөспірім дау-жанжалға қатыса отырып, қиын және күрделі жағдайға тап болатынын айтып, оқушыларды психологиялық жағынан қалпына келуіне,өкпе-реніштен арылып,қоғамдық ортада жанжалсыз ұрыс-керіссіз өмір сүруге шақырды.



Директоры:

Абдраманова.Г.А

**2019-20120 оқу жылында №67 гимназияда «Адал ұрпақ» жобасы
негізінде жасалынған «Парасатты азамат» атты бұрыш**

Мақсаты: Бұрыштардың басты мақсаты азаматтылыққа, отансүйгіштікке, адамның құқықтарына, бостандықтарына және міндеттеріне құрметті, адамгершілік сезімдер мен этикалық сананы, сыбайлас жемқорлыққа төзбеу мәдениетін, еңбексүйгіштікке, оқуға, еңбекке, өмірге жасампаздықпен қарауға тәрбиелеу

Міндеті: Патриотизм, отан үшін мақтаныш, қоғамдық тәртіпке құрмет, еңбексүйгіштік, жауапкершілік, тәртіп, құқықтық негіздерді білу және құрметтеу сияқты жеке тұлғаның қасиеттерін дәріптеу

